

1. Жалпы ережелер

- 1.1. «ARENA TCG» атты ынталандыру шарасы (бейілділік бағдарламасы) (бұдан әрі – «Шара (Науқан)») сатылымдарды ынталандыру және MAGNUM брендіне бейілділікті арттыру аясында өткізіледі, оған назар аударуға, оған деген қызығушылықты қалыптастыруға немесе қолдауға және оны нарықта ілгерілетуге бағытталған.
- 1.2. Шара (Науқан) барлық Magnum сауда кешендерінде өткізіледі.
- 1.3. Шара (Науқан) Қазақстан Республикасының «Ойын бизнесі туралы» Заңының талаптарына сәйкес ынталандыратын лотерея, бәс, тотализатор, құмар ойыны немесе басқа да тәуекелге негізделген ойын болып табылмайды.
- 1.4. Шараны (Науқанды) Ұйымдастырушы жарнамалық сипаттағы ынталандыру шарасы үшін белгіленген ережелер бойынша өткізеді, осы Шараға (Науқанға) қатысу туралы ұсыныс осы Ережелердің талаптарын орындаған адамдардың шектеусіз тобына арналған.
- 1.5. Шара (Науқан) туралы хабарландыру Интернет желісінде <http://www.magnum.kz/> сайтында (бұдан әрі – «Сайт») орналастырылады, онда осы Шара (Науқан) туралы ақпаратпен, осы Ережелермен, Шараға (Науқанға) қатысатын Серіктестер тауарларының тізімімен танысуға болады: <http://www.magnum.kz/>.
- 1.6. Шараға (Науқанға) қатысқысы келетін адамдар (бұдан әрі – «Қатысушылар») осы Ережелерде белгіленген тәртіпте, талаптарда, орында және мерзімде Шараға (Науқанға) қатысумен байланысты барлық әрекеттерді орындауға міндетті. Шараға (Науқанға) қатысу Қатысушылардың осы Ережелермен толық келісетіндігін меңзейді.

2. Шара Ұйымдастырушысы туралы мәліметтер

1. Шара (Науқан) Ұйымдастырушысы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған заңды тұлға (бұған дейін және бұдан әрі – «Ұйымдастырушы») болып табылады:
 - 1.1. Атауы: «Magnum Cash&Carry» ЖШС.
 - 1.2. Заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Астана шағынауданы, 1/10
 - 1.3. Пошталық мекенжайы: Алматы қаласы, Астана шағынауданы, 1/10
 - 1.4. БСН 081040004326

3. Шараның (Науқанның) өткізілу мерзімі

- 3.1. Шараның (Науқанның) басталуы: **23.07.2020 ж., 9:00 (Нұр-Сұлтан қ. уақыты бойынша)**
- 3.2. Шараның (Науқанның) аяқталуы: **30.09.2020 ж. 23:59 (Нұр-Сұлтан қ. уақыты бойынша)**

4. Жүлде қоры:

- ноутбук сатып алуға арналған сертификаттар – 15 (он бес) дана,
- ойын консолін сатып алуға арналған 1 (бір) сертификат,
- смартфон сатып алуға арналған сертификаттар – 60 (алпыс) дана,
- теледидар сатып алуға арналған 3 (үш) сертификат,
- жүгіру жолын сатып алуға арналған 3 (үш) сертификат,
- ас үй ыдысы – 800 (сегіз жүз) дана,
- 2 ересек адамның және 2 баланың (0-12 жас) Түркияға саяхатына 1 сертификат

5. Шараға (Науқанға) қатысу тәртібі

- 5.1. Шараның (Науқанның) Қатысушысы болу және осы Ережелердің 6.1-тармағында көрсетілген «Арена» коллекциялық карточкасы» тауарын (бұдан әрі – Науқандық тауар) арнайы бағамен сатып алуға талаптану үшін осы Ережелердің 3-тармағында қарастырылған кезеңде мына әрекеттерді орындау қажет:
 - 5.1.1. Сайтта және/немесе Magnum дүкенінде Шараның (Науқанның) өткізілу ережелерімен танысу.
 - 5.1.2. Шараға (Науқанға) қатысатын Magnum дүкенінде 6000 (Алты мың) теңгеден жоғары сомаға сауда жасау және «ARENA TCG» ойын кейіпкерлерінің карточкасы салынып, аузы бекітілген қалтаны (саше) 90% жеңілдікпен 25 (жиырма бес) теңгеге сатып алу. Әр қалтада (саше) кездейсоқ таңдалған бір карточка бар. Толық коллекция 34 (отыз төрт) кейіпкерден тұрады.
 - 5.1.3. Карточкалардың жалпы саны шектеулі.
 - 5.1.4. Карточка салынған бір қалта (саше) кассалық чектегі әрбір толық 6000 (Алты мың) теңге үшін сатылады. Қалталардың (саше) саны барлық берілген жеңілдіктер есепке алынған кассалық чектің қорытынды сомасы бойынша есептеледі. Науқан емшек сүтін алмастырғышқа (балалардың сүт қоспасына), темекіге, темекі өнімдеріне, соның ішінде қыздырылатын темекісі бар өнімдерге, қорқорға арналған темекіге, қорқор қоспасына, темекі қыздыруға арналған жүйелерге,

электронды тұтыну жүйелері мен оларға арналған сұйықтықтарға, алкогольді және алкогольі аз өнімдерге қолданылмайды. Берілетін Науқандық тауар санын есептеу үшін бұл тауарлардың сомасы кассалық чектегі жалпы сомадан алынып тасталады.

5.1.5. Қосымша карточкаларды (саше) 25 (жиырма бес) теңге арнайы бағасымен сатып алу Науқан серіктестерінің тауарларын сатып алғанда мүмкін болады. Серіктестердің тауарлары сауда залында арнайы белгімен белгіленген. Серіктестер тауарларының тізімі, арнайы ұсыныстың әрекет ету кезеңі және қосымша карточкаларды сатып алу үшін алу қажет болатын серіктестер тауарларының саны үнпарақтарда, сондай-ақ <http://www.magnum.kz/> сайтында көрсетілген.

Шектеу: 1 чекте 1 серіктестің тауарлары үшін көп дегенде 10 карточка

5.1.6. Қосымша карточкаларды (саше) 25 (жиырма бес) теңге арнайы бағасымен сатып алу кем дегенде 1000 (бір мың) теңге сомасына кеңсе тауарларын сатып алғанда мүмкін болады.

Кеңсе керек-жарақтары санатына кіретін тауарлар тізімі:

КЕҢСЕ КЕРЕК-ЖАРАҚТАРЫ	
ҚАҒАЗ ӨНІМДЕРІ	
1	ОФИСТІК ҚАҒАЗ
2	ФАКСТАРҒА, КАССАЛЫҚ АППАРАТТАРҒА АРНАЛҒАН ҚАҒАЗ
3	ОҚУШЫ ДӘПТЕРЛЕРІ, КҮНДЕЛІКТЕРІ
4	ЖАЗБАЛАРҒА АРНАЛҒАН ЖӘНЕ ЕСЕПКЕ АЛУ КІТАПТАРЫ
5	БЛОКНОТТАР/КҮНДЕЛІКТЕР/ОРГАНАЙЗЕРЛЕР
6	АЛЬБОМДАР, СУРЕТ САЛУҒА-СЫЗУҒА АРНАЛҒАН ПАПКАЛАР
7	СТИКЕРЛЕР, ЗАТТАҢБАЛАР, БЕТБЕЛГІЛЕР
8	ҚАҒАЗ БЛОКТАРЫ
9	ВАТМАН
10	КАРТОН, ТҮРЛІ-ТҮСТІ ҚАҒАЗ, ЖИНАҚТАР
11	КАРТАЛАР, АТЛАСТАР, КОНТУРЛЫҚ КАРТАЛАР
12	КОНВЕРТТЕР
13	БАСҚА ДА ҚАҒАЗ ӨНІМДЕРІ
ЖАЗУ ҮСТЕЛІНЕ АРНАЛҒАН АКСЕССУАРЛАР	
14	ЖЕЛІМ, ЖЕЛІМДЕГІШ ҚАРЫНДАШТАР
15	ЖАБЫСҚАҚ ЛЕНТАЛАР, СКОТЧ
16	СТЕПТЕРЛЕР, А-СТЕПІ, ҚАҒАЗ ТЕСКІШТЕР
17	ҚАҒАЗ ҚЫСТЫРҒЫШТАР, ТҮЙМЕЛЕР, ҚАПСЫРМАЛАР
18	АҚШАҒА АРНАЛҒАН РЕЗЕҢКЕ, ҚАҒАЗ ҚЫСҚЫШ
19	КЕҢСЕ ҚАЙШЫСЫ, ПЫШАҚТАР, ҰСТАРАЛАР
20	МЕКТЕП ПЕНАЛДАРЫ
21	ҚҰЖАТТАРҒА АРНАЛҒАН ЛОТОКТАР
22	КАЛЬКУЛЯТОРЛАР
23	ТҮЗЕТКІШТЕР, БОЯҒЫШТАР
24	ОФИСТІК ҮСТЕЛ ЖИНАҚТАРЫ, ТҮПҚОЙМАЛАР
25	БАЛАЛАРДЫҢ ҮСТЕЛ ЖИНАҚТАРЫ МЕН ТҮПҚОЙМАЛАРЫ

26	ҚАҒАЗҒА АРНАЛҒАН СЕБЕТТЕР
27	СЫЗҒЫШТАР, ТРАНСПОРТИР, БҰРЫШТЫҚТАР
28	СЫЗУҒА АРНАЛҒАН ПРИН-СТИ
29	ЖАЗУ ҮСТЕЛІНЕ АРНАЛҒАН БАСҚА ДА АКСЕССУАРЛАР
	ПАПКАЛАР, АРХИВТЕР ЖӘНЕ АКСЕССУАРЛАР
30	ПАПКАЛАР, ПЛАНШЕТТЕР
31	ФАЙЛДАР, ҚҰЖАТТАРҒА, ДӘПТЕРЛЕР МЕН КІТАПТАРҒА АРНАЛҒАН ҚАПТАР
32	ВИЗИТКА САЛҒЫШТАР, БЕЙДЖДЕР
33	БАСҚА ДА ПАПКАЛАР, АРХИВТЕР ЖӘНЕ АКСЕССУАРЛАР
	ЖАЗУҒА ЖӘНЕ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚҚА АРНАЛҒАН ТАУАРЛАР
34	ҚАЛАМДАР, ҚАЛАМДАР ЖИНАҚТАРЫ, СТЕРЖЕНЬДЕР
35	ҚАРЫНДАШТАР, ЖИНАҚТАР, ГРИФЕЛЬДЕР
36	МАРКЕРЛЕР
37	ФЛОМАСТЕРЛЕР
38	ӨШІРГІШТЕР, ҰШТАҒЫШТАР
39	ҚЫЛҚАЛАМДАР
40	БОРЛАР
41	БОЯУЛАР, БОЯУЛАР ЖИНАҚТАРЫ
42	ТУШЬ, МӨРҚАЛЫП БОЯУЛАРЫ
43	ПАЛИТРАЛАР, ТӨГІЛМЕЙТІН СИЯСАУЫТ
44	ЕРМЕКСАЗ, БАЛШЫҚ
45	МҮСІНДЕУГЕ АРНАЛҒАН АКСЕССУАРЛАР
46	МЕКТЕП ЖЕЛПУШТЕРІ/ЕСЕПТЕУ ТАЯҚШАЛАРЫ, ШОТТАР
47	ШЫҒАРМАШЫЛЫҚҚА АРНАЛҒАН ЖИНАҚТАР
48	ЖАЗУҒА ЖӘНЕ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚҚА АРНАЛҒАН БАСҚА ДА ТАУАРЛАР

Шектеу: 1 чектегі кеңсе керек-жарақтары үшін – көп дегенде 8 карточка

5.1.7. Осы Ережелердің 5.1.2, 5.1.5 және 5.1.6, 5.1.8-тармақшаларында аталған талаптарды орындағанда, Қатысушыға слип-чек беріледі. Слип-чекте промо-код басып шығарылады, Ұтыс ойынына қатысу үшін осы промо-кодты magnim.kz сайтында тіркеу қажет.

5.1.8. Науқанның әрекет ету кезеңінде Науқанға қатысатын Magnim кез келген дүкенінде Науқандық тауарды тұрақты бағасы – 250 (екі жүз елу) теңгеге сатып алуға болады.

5.2. Қатысушы осы Ережелердің 5.1-тармағында аталған әрекеттерді орындаған жағдайда, Қатысушы мен Ұйымдастырушы арасында шарт жасалған болып есептеледі, ал мұндай тұлға Шара (Науқан) Қатысушысы болып танылады.

5.3. Шараның (Науқанның) өткізілу кезеңінде Ұйымдастырушы әрбір дүкенде карточкалар салынған қалталардың (саше) болуын кепілдейді. Тиісті дүкенде карточкалар қоры таусылған жағдайда, Ұйымдастырушы оларды сатудан толықтай немесе ішінара бас тартуға құқылы. Науқандық тауар болмаған жағдайда, кінәрат-талаптар қабылданбайды.

5.4. Ұйымдастырушы мына адамдарды Қатысушылар қатарынан шығаруға құқылы:

5.4.1. осы Ережелердің 5.1-тармағында қарастырылған әрекеттерді осы Ережелердің 3.1-тармағында белгіленген мерзімді бұза отырып орындаған адамдарды;

5.4.2. осы Ережелердің басқа да талаптарын бұзған адамдарды.

5.5. Аталмыш талаптарды орындаған Қатысушылар автоматты түрде Шараға (Науқанға) қатысады.

6. Кодты magnum.kz сайтында тіркеу тәсілі

6.1. Кодтарды www.magnum.kz Промо-сайтында тіркеу үшін Қатысушыға мына әрекеттерді орындау қажет:

6.1.1. magnum.kz сайтындағы «Ережелер» бөлімінде осы Ережелердің мәтінімен танысу, Қатысушы magnum.kz сайтында тіркелу кезінде және одан әрі Шараға (Науқанға) қатысу барысында берген дербес деректердің жиналуына, өңделуіне және қорғалуына, Шара (Науқан) мақсатында әрі қарай пайдаланылуына келісім беру. Келісім ретінде «қанатша» белгісін қою, бұл «Мен талаптармен келісемін» жазуының қарсысындағы «келісемін» немесе «иә» дегенді білдіреді;

6.1.2. Мына жеке деректерді көрсете отырып, тіркеу нысанын толтыру:

- Қатысушының аты-жөнін енгізу
- Қатысушының Байланыс телефонын енгізу (+7 XXX XXX-XX-XX форматындағы оператор кодымен)
- Промо-кодты енгізу

7. Шара (Науқан) жеңімпаздарын анықтау тәртібі.

7.1. Ұтыс ойынының Жеңімпаздарын анықтау Instagram-дағы Magnum.KZ тікелей эфирінде онлайн жүргізіледі.

7.2. Ұтыс ойынының Жеңімпаздарын анықтау Шараның (Науқанның) өткізілу кезеңінде тіркелген промо-кодтар арасында, комиссияның қатысуымен, тіркелген Кодтардың арасынан Кодтарды кездейсоқ таңдау, Қатысушылар тізімінен сандарды кездейсоқ іріктеу әдісімен Жеңімпаздарды анықтайтын арнайы компьютерлік бағдарламаны пайдалана отырып жүргізіледі.

7.3. Ұтыс ойындарының өткізілетін күндері –

25.08.2020 – 23.07.2020 – 23.08.2020 аралығындағы кезеңде промо-кодтарын дұрыс тіркегендердің арасында 5 сертификат;

25.09.2020 – 24.08.2020 – 23.09.2020 аралығындағы кезеңде промо-кодтарын дұрыс тіркегендердің арасында 5 сертификат.

25.09.2020 – 25.08. – 23.09.2020 аралығындағы кезеңде промо-кодтарын дұрыс тіркегендердің арасында ноутбук сатып алуға 5 сертификат, смартфон сатып алуға 10 сертификат, ойын приставкасын сатып алуға 1 сертификат.

05.10.2020 – 15.09.2020 – 04.10.2020 аралығындағы кезеңде дұрыс тіркелген Қатысушылардың арасында 800 дана ас үй ыдысы, смартфон сатып алуға 50 сертификат, теледидар сатып алуға 3 сертификат, ықшам жүгіру жолын сатып алуға 3 сертификат және Түркияға саяхатқа 1 сертификат.

7.4. Шара (Науқан) Жеңімпаздары анықталғаннан кейін ұтысқа ие болған Шара (Науқан) Қатысушысын телефон шалу арқылы хабардар ету жүзеге асырылады. Шара (Науқан) Жеңімпазының телефоны байланыс аясынан тыс болған жағдайда немесе Шара (Науқан) Жеңімпазы 48 сағат ішінде қоңырауға жауап бермеген жағдайда, немесе Шара (Науқан) Ұйымдастырушысына байланысты емес техникалық сипаттағы кез келген басқа себептер бойынша Жеңімпаз өзінің ұтысты иелену мүмкіндігінен айырылады, бұл ретте Шара (Науқан) Ұйымдастырушысының шешімімен келіспеу мүмкіндігі болмайды. 48 сағат өткен соң осыған ұқсас тәсілмен қосымша Ұтыс ойыны өткізіледі.

7.5. Шара (Науқан) Ұйымдастырушысы Шараның (Науқанның) өткізілуі, Шараның (Науқанның) сыйлық қоры тұрғысынан осы Ережелерді өзгертуге, Шараның (Науқанның) өткізілуінде үзіліс жариялауға, Шараның (Науқанның) мерзімін қысқартуға және/немесе өзгертуге құқылы.

7.6. Шараның (Науқанның) ережелері өзгерген немесе күші жойылған жағдайда, бұл туралы ақпаратты Ұйымдастырушы <http://www.magnum.kz/> сайтында орналастырады.

7.7. Қажет болған жағдайда, Ұйымдастырушы Шараның (Науқанның) өткізілуін мерзімінен бұрын тоқтатуға және/немесе белгілі бір мерзімге тоқтата тұруға құқылы. Шараның (Науқанның) өткізілуін осылай мерзімінен бұрын тоқтатқан және/немесе тоқтата тұрған жағдайда, Ұйымдастырушы ақпаратты Сайтқа орналастырады.

8. Қосымша талаптар

8.1. Қатысушының Шараға (Науқанға) қатысу фактісі оның осы Ережелермен танысқандығын және осы Ережелерге сәйкес Шараға (Науқанға) қатысуға келісетіндігін білдіреді.

8.2. Ұйымдастырушы Шараға (Науқанға) қатысатын тұлғалармен жазбаша келіссөздер жүргізбейді немесе басқалай байланысқа түспейді.

8.3. Ұйымдастырушы, сондай-ақ Ұйымдастырушы Шараны (Науқанды) ұйымдастыруға және өткізуге уәкілеттік берген тұлғалар мыналар үшін жауапкершілік көтермейді:

8.3.1. Дүлей апат, өрт, су тасқыны, кез келген сипаттағы әскери іс-қимылдар, блокада, заңнамадағы елеулі өзгерістер, Ұйымдастырушы тарапынан бақылауға көнбейтін басқа да жағдайлар міндеттемелерін орындауға кедергі келтіретін болса, осындай форс-мажор жағдайларында міндеттемелерінің орындалмауы.

8.4. Осы Ережелерде қолданылатын терминдер тек осы Шараға (Науқанға) ғана қатысты болады.

8.5. Ұйымдастырушының жұмыскерлері мен өкілдері, онымен үлестес тұлғалар, сондай-ақ аталмыш тұлғалардың туған-туыстары мен отбасы мүшелері жүлде қорының Ұтыс ойынына қатысуға құқылы болмайды.

8.6. Осы Шараның (Науқанның) өткізілуі аясында туындаған барлық дауларды Ұйымдастырушы мен Қатысушылар келіссөз жүргізу арқылы шешулері тиіс. Жағдайды реттеу мүмкін болмаса, дау Ұйымдастырушының орналасқан жері бойынша қаралады (шарт бойынша соттылық). Қатысушылар Шараға (Науқанға) қатысу арқылы шарт бойынша соттылыққа келісетіндіктерін білдіреді.

8.7. Шараға (Науқанға) қатысу арқылы Қатысушы өзінің дербес деректерін Ұйымдастырушының өңдеуіне, сондай-ақ дербес деректерінің Науқанды тікелей жүзеге асыратын үшінші тұлғаларға берілуіне, соның ішінде деректердің трансшекаралық берілуіне келісімін береді.

8.8. Жұлделердің сыртқы түрі жарнамалық материалдардағы суретінен өзгешеленуі мүмкін.

8.9. Жұлделердің сапасына қатысты кінәрат-талаптар тікелей өндірушіге қойылуы тиіс. Өндіруші туралы ақпарат қаптамада көрсетілген.

8.10. Жұлделердің бүтіндігін Қатысушылар тікелей Жұлделерді алу кезінде тексерулері тиіс. Ұйымдастырушы Жұлделер Қатысушыларға табысталғаннан кейін туындаған кез келген зақымдалулар үшін жауапкершілік көтермейді.

8.11. Осы Ережелердің 4-тармағында көрсетілген Жұлде қорын сатып алуға арналған Сертификаттарды құжаттарды алған күннен бастап 3 ай ішінде қолдану қажет.

8.12. Сертификат жоғалған жағдайда, мәселені шешу үшін Науқан Ұйымдастырушысына жүгіну қажет.

8.13. Түркияға саяхатқа Сертификат Науқан Ұйымдастырушысы туристік агенттікке төлеген сома болып табылады және төмендегілерді қамтиды:

- Ұшақпен барып-келу, әуежай – қонақүй – әуежай трансфері
- Сақтандыру + Covid 19 вирусына тестілеу шығындарын қамту
- Қонақ үйде тұру
- Тамақтану

Саяхат егжей-тегжейлерін, барлық қажетті опцияларды Жеңімпаз туристік агенттікте нақтылайды.

Кез келген жағдайда саяхат опцияларын Жеңімпаз тек Ұйымдастырушы төлеген сома шегінде таңдайды.

Жеңімпаздың қалауы бойынша саяхатты қосымша опциялармен толықтыруға болады, бұл жағдайда құн айырмасын Жеңімпаз өзі төлейді.

Шектеу! Бұл жүлде қоры Қазақстан Республикасының резиденттеріне ғана қолжетімді.

8.14. Түркияға саяхатқа Сертификатты Науқан Ұйымдастырушысы көрсеткен мерзімде қолдану мүмкін болмаған жағдайда, Жеңімпазға келісілген сома шегінде ұшу күнін, қонақ үйді, сондай-ақ Түркиядағы баратын қалаларды ауыстыру құқығы беріледі.

8.15. Жеңімпаз Түркияға саяхатқа Сертификатты өз кінәсынан қолдана алмаған жағдайда (рейске кешігу, Жеңімпаздың бастамасымен саяхаттан бас тарту, елден шығуға тыйым салу, соның ішінде COVID19 вирусына тестілеудің оң нәтижесіне байланысты тыйым салу, жоғары температура және т.с.с.), Сертификаттың қолданылу мерзімі ауыстырылмайды.

8.16. Белгіленген Сыйлықтардың орнына ақшалай өтемақы беру жүргізілмейді.

8.17. Жеңімпаз Ұйымдастырушы төлеген соманың құнына кірмейтін қандай да бір қосымша төлемдерді және/немесе саяхат талаптарын өзгертуді, сондай-ақ қандай да бір қосымша шығындарын өтеуді талап етуге құқылы емес.